

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

6B02305 - «Қазақ филологиясы»

(білім беру бағдарламасының атауы және коды)

**білім беру бағдарламасына
сараптамалық қорытынды**
(сыртқы сараптама)

1. Білім беру бағдарламасын бағалау (бұдан әрі - БББ)

А) Бағдарламаның еңбек нарығындағы қажеттілігі

Білім беру бағдарламасында мамандық бойынша міндетті компонентпен қатар элективті модульдер енгізілген. Элективті модульдер филологиялық негізгі білімді тереңдету және кеңейту мақсатында оқытылады. Міндетті пәндер мазмұнын тереңдете отырып, филологияның негізгі бағыттары мен салаларын толықтай қамтуды, жекелеген өзекті мәселелерге қатысты тұжырымдарды тиянақтап түсіндіруді көздейді. Элективті пәндер қазақ әдебиетінің тарихи кезеңдері мен қазақ тіл білімінің негізгі салаларын қамтитын пәндер мазмұнын тереңдете отырып, білім көкжиегін кеңейте түсуді, тіл мен әдебиет бойынша терең мағлұматпен қамтамасыз етуді мақсат етеді. Білім беру бағдарламасында теориялық және практикалық мазмұнның арақатынасы өзара тұтастықта қарастырылған.

Кәсіптік білім беру бағдарламасында мамандарды жалпы білімділікке және кәсіптік даярлауға бағыттайды. Студенттің білімі, әлеуметтік тұлғалық құзіреттілігі оқу пәндерін меңгеру барысында қалыптасады. Кәсіптік білім беру мақсатында жалпы білім беру пәндер топтамасы, базалық пәндер топтамасы, кәсіптендіру пәндер топтамасы қамтылады. Бұл әрбір топтама міндетті компонент, таңдау компоненттерінен тұрады.

Білім беру бағдарламасы еңбек нарығының қажеттілігіне сай жасалған.

Б) БББ-ның кәсіби қызметті реттейтін нормативтік құжаттарға сәйкес келуі: Ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ), Салалық біліктілік шеңбері (СБШ), Кәсіби стандарт (КС), оқыту нәтижелерінің еңбек функцияларына сәйкестігі (КС болмаған жағдайда)

Білім беру бағдарламасы Ұлттық біліктілік шеңберіне, салалық біліктілік шеңберіне, кәсіби стандартқа, оқыту нәтижелерінің еңбек функцияларына сәйкес келеді.

В) БББ мазмұнының экономиканың, қоғамның салаларын дамытудың қазіргі заманғы деңгейіне, ғылымның жетістіктеріне және жұмыс берушілердің сұраныстары мен қажеттіліктеріне сәйкестігі

Білім беру бағдарламасының мазмұны экономиканың, қоғамның салаларын дамытудың қазіргі заманғы деңгейіне, ғылымның жетістіктеріне және жұмыс берушілердің сұраныстары мен қажеттіліктеріне сәйкес жасалған.

2. Білім беру бағдарламасын жетілдіру бойынша ұсыныстар

3. Білім беру бағдарламасын жетілдіру бойынша ұсыныстар

Білім беру бағдарламасын жетілдіру бойынша ұсыныстар жоқ.

4. Қорытынды:

Білім беру бағдарламасы оқу процесінде пайдалануға ұсынылады / ұсынылмайды

Білім беру бағдарламасы оқу процесінде пайдалануға ұсынылады.

5. Сараптама жүргізген: ЖҰМЫС БЕРУШІ

Нұр-Сұлтан қаласындағы А.Байтұрсынұлы
атындағы № 48 мектеп-лицейі
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі



М.О.

А.Ф. Абуева

Күні: 26.02.2021